



Мектеп директоры

Ж. Ескалиева

2023 жылғы 10

АДАЛ ҰРПАҚ» БАЛАЛАР ҰЙЫМЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Адал ұрпақ» ерікті балалар ұйымы азаматтық-патриоттық және рухани-адамгершілік мән-мәтінінде мектеп ортада жемқорлыққа қарсы бағдарламаны іске асыру мақсатында құрылды.

Адал ұрпақ» - өскелең ұрпақты жоғары рухани-адамгершілік құндылықтар, гуманистік, толеранттылық пен демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптастыратын ұйым.

Адал ұрпақ» өзінің қызметін шығармашылық, спорттық, қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен және мемлекеттік мекемелермен бірлесе жүзеге асырады.

МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Адал ұрпақ» ұйымының мақсаты:

- Мектепте адамгершілігі жоғары, жауапты, бастамашыл, әлеуметтік құзіретті азамат пен патриот тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасау.

Адал ұрпақ» ұйымы міндеттері:

азаматтық-патриоттық және рухани-адамгершілік тәрбиеге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру;

мемлекеттік билік институттарына білім алушылардың сенімін арттыру;

білім алушылардың саяси-құқықтық білімдерін арттыру;

- білім алушылар бойына жемқорлыққа қарсы тәртіптің негізгі құндылықтарының қалыптастыру.

3. ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ

Адал ұрпақ» ұйымы келесі қызметтерді атқарады:

ұйымның жоспарын іске асырады;

жемқорлыққа мүлдем шыдамдылық танытпау көзқарасын қолдайды;

Жемқорлыққа қарсы мән-мәтінінде іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады.

. Ұйым келесі бағыттар бойынша жұмыс жасайды:

1.Сыбайлас жемқорлық туралы білім

Дәріс, «дөңгелек үстел» және тағы басқа ағарту жұмыстарына қатысады.
Сыбайлас жемқорлық туралы ақпарат және шығармашылық
Үздік шығарма, сурет, видеороликтер сайыстарын ұйымдастыру іс-шараларына қатысады.

3. Мәдени көпшілік іс-шаралар

Мемлекеттік органдар, ардагерлік, қоғамдық ұйым өкілдерімен кездесулерді, диалогтық алаң, флеш-мобтар, акцияларды және өзге әлеуметтік маңызды іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады.

3.3. Өткізілетін іс-шаралар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болу және өткізілгені туралы ақпарат «Парасатты азамат» стендіне жарияланылу тиіс.

4. МҮШЕЛІК, ОҒАН ҚАБЫЛДАНУ ЖӘНЕ ШЫҒУ ТӘРТІБІ

Адал ұрпақ» балалар ұйымына ерікті түрде ниет білдірген 1-11 сынып балалары мен жасөспірімдер қабылданады.

4.2. Ұйымға мүшелік болу мен шығу мәселелері

4.3. Ұйымның мақсаттары мен міндеттердің уақытылы орындалуына және оның сапасына басшылығы мен мүшелері толығымен жауапты болады.

5. ҚҰРЫЛЫМЫ

Ұйым мектептің деңгейінде еріктілік негізінде құрылады.

5.2. Құрамында кем дегенде бес оқушы болуы тиіс.

5.3.«Адал ұрпақ» көшбасшысы –жалпы жиналыста ашық дауыс беру жолымен бір оқу жылына сайланады

АДАЛ ҰРПАҚ» МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Адал ұрпақ» мүшелерінің міндеттері:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін сыйлау (Ту, Елтаңба, Әнұран), өз елінің патриоты болу, ;
- «Адал ұрпақ» Ережесін және басқару органдарының шешімін орындау;
- «Адал ұрпақ» ұйымының өзге мүшелері мен олардың құқықтарын құрметтеу, мойындау;
- оқуда, қоғамдық жұмыстарда, еңбекте үлгілі болу; қоғамдық мүлікті сақтау, мәдениетті болу;
- салауатты өмір салтын ұстану, оны өз құрдастары арасында насихаттау;
- үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету.